

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

М.Әбсембет. «Ақжолтай Ағыбай батыр»

ЖАРИЯЛАНДЫ
07.07.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/14839/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Нуржанова Алия Жигамбаевна

Сабақтың мақсаты: Мәтіннің мазмұнымен, идеясымен таныстыру.

Автор туралы мағлұмат беру. Шығармашылық қиялын, жүйелі ойлау қабілетін, сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту. Отансүйгіштікке,

Елжандылыққа, патриотизмге тәрбиелеу. Оқушы бойына адалдық, шыншылдық, батырлық сынды ізгі қасиеттерді сіңіру.

Сабақтың әдісі: СТО технологиясының элементтері

Сабақтың көрнекі құралдары: интербелсенді тақта, бейнефильм, жеке суреттер.

Сабақтың барысы:

1. Қызығушылығын ояту

Психологиялық дайындық. Шаттық шеңбері

(Оқушылар шеңбер құрады)

-Балалар, алда қандай мерекелер келе жатыр?

-1 желтоқсан Қазақстанның тұңғыш президент күні

16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесі. Биыл Тәуелсіздігімізге 25 жыл

-Олай болса, көк жалаушамызды бір-бірімізге жақсы тілек айтып жалғастырайық.

2. Үй тапсырмасын пысықтау

-Осы мереке қарсаңында оқулықтан «Ата-бабам тарихы-менің тарихым» атты

үлкен тарауды бастадық.

Бұл тараудан осы тәуелсіздікті аңсаған ,соның жолында күрескен батырларымыз туралы оқып-біліп жатырмыз.

Үйге қандай тапсырма берілді?

-«Алмас қылышты ардагер» мәтінін оқып мазмұндап келу

-Осы тақырып төңірегінде бір –біріңе сұрақ қоясыңдар.Дұрыс жауап берген бала Көк жалаушаны ұстап сұрақ қою құметіне ие болады.

— Жоңғар шапқыншылығында ел қорғаған батырлардың есімін тағы бір қайталап өтейік.

-Қанжығалы Бөгенбай,Шапырашты Наурызбай,Қаракерей Қабанбай

Осы батырлардың аттарымен топқа бөліне қояйық.

1-топ Қанжығалы Бөгенбай

2-топ Шапырашты Наурызбай

3-топ Қаракерей Қабанбай

3. **Бейнефильм тамашалау «Кененсары хан»**

-Фильм кім туралы? Кененсары хан туралы

— Кененсары хан кімдерге қарсы көтеріліске шықты?

-Патша үкіметіне қарсы шықты?

-Кененсарының арман-мақсаты қандай еді?

-Елдің тыныштығын қорғап,елдің егемендігін армандады.

-Осындай көтерілістерде жеңіске жету жолында,қиын кезеңдерден жол таба білетін кеңесші,ақылшы батырлары мен ақылдасып отырған.

-Бүгінгі сабағымызда Кененсарының бірінші әскери кеңесшісі болған Ағыбай батыр туралы мәтінмен танысамыз.

Мәтіннің авторы Марат Әбсемет.

-Автор туралы қысқаша мағлұмат беру

-«Ақжолтай Ағыбай батыр» мәтіні

-Мәтінді үш топ бөліктерге бөліп оқиды.

Оқыған бөліктер бойынша басқа топтармен бөліседі.

4. Сөздік жұмыс

Жасақ-әскер Кеңесші-ақылшы жәбір-қиындық, қорлық

5. Топтық жұмыс

1- Мәтін бойынша жоспар құрайды.

2- Мәтін кестесін құрайды.

3- 5 жолды өлең жазу Ағыбай

6. Сергіту сәті «Мен Қазақпын»

7. Дәптермен жұмыс

Ағыбайды сипатта «Кластер» әдісі

8. Бекіту сұрақтары

1. Мәтінде ел басынан өткен қандай кезең туралы айтылған?

2. Кенесары кім? Мәтінде ол туралы не айтылған?

3. Неліктен Ағыбай батырдың есімі Кенесары ханмен қатар айтылады?

4. Ағыбай батырды халық қалай бағалады? Оны неліктен «Ақжолтай батыр» деп атаған?

— Міне, балалар, талай жылдар бойы ата-бабаларымыз аңсаған Тәуелсіздігімізге 25 жыл.

Найзаның ұшымен, білектің күшімен, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып бірліктің арқасында қол жеткізген тәуелсіздігіміздің туын сендер болашақ білімді ұрпақ биікке желбіретіңдер!

9. Бағалау Топ басшылары бағалайды, өзін — өзі бағалайды.

10. Рефлексия

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.